

Қашықтан тапсырған емтихан...

Елде пандемия басталғалы халықтың өмір сұру дағдысына біршама өзгерістер енді. Ақырында бәрі онлайн форматқа ауыса бастады. Бұл көшке алғашқылардың бірі болып білім беру саласы қадам басқаны белгілі. Қашықтан білім алған студенттер үшін емтихан және дипломдық жұмыстарды қорғаудың жаңа тәсілі қолданылуда.

Азамат ЖАППАР
azamat.zhappar@mail.ru

Шымшаңардағы қара шаңырақ М.Әуезов атындағы ОҚМУ студенттері оқу жылының көктемгі емтихан сессиясын тапсыруды бастады. Университеттің оқу және оқу-әдістемелік жөніндегі проректоры, техникағылымдарының кандидаты, доцент Роза Абишева наңайтынша, пандемия кезіндегі емтиханға құндызгі бөлімде оқытын 13614 студент және зео магистр қатысады. Ал қорытынды аттестаттауға 5267 студент жіберілген. Онлайн сессия КР Білім және ғылым министрлігі ұсынған барлық платформаларды пайдалана отырып, қашықтан оқыту технологиялары тәртібінде үйимдастырылуда.

Мемлекет басшысының қаулысымен елде төтенше жағдай жариялағаннан бастап барлық оқу процесі онлайн форматқа ауысты. Сабактар кестеге сәйкес, видео лекциялар, персоналдық жеке т.б. жұмыстар рет-ретімен еш кедергісіз өтті. Қашықтан білім беру оқу ордамыз үшін таңсық емес. Оқу жүйесінің техникалық және технологиялық мүмкіндіктерінің арқасында білім беру барысында қындықтар туындаған жоқ. Элемдік және Қазақстандағы жоғары оқу орындары қолданған платформаларды көдеге жаратып келеміз. Атағ айтсақ, ИС ВУЗ, Прометей, Skype автоматталаған жүйелері мен ZOOM, Cisco Webex Meetings, Moodle, Google Classroom, Microsoft Teams платформалары, iSpring, Teachbase интернет-ресурстары. Қашықтан оқыту жаһандану кезінде көнінен қолдануды қажет ететін білім жүйесі. Осы кездегі оқу мүмкіндігінің бірден бір жолы екенін студенттеріміз де түсініп, өз тараптарынан олар да атсалысуда, - дейді Р. Жанысбекқызы.

Университетте қашықтан оқыту жағдайында сыйайлас жемқорлықтың алдын алу және академиялық адалдық талаптарының сақталуы назардан тыс калмаған. Бул жауапты міндет жоғары оқу орнының сыйайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің үйлестіруші құры-



лымдық буыны «Парасат» басқармасына жүктеліпті. Ал дипломдық жұмыстар мен магистрлік, докторлық диссертациялардың қорғалу барысын «Шымкент-Адалдық алаңы» жобалық кеңесі мен университеттің Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және құқық бузушылық профилактикасы жөніндегі Қоғамдық Кеңесі қатаң бақылауда. Осылайша Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы жұмысның барысы сырттан, құзырылы органдар тарағаннан да қадағаланады, бул ЖОО-ның ашықтығының дәлелі.


— Онлайн сессия студенттердің қулақтарына түрлідей тиіп, бойларын қорқыныш билеуі мүмкін деген ортак тұжырымға тоқталдық. Оның алдын алу үшін стресс тест жүйесі арқылы пысықтау жұмыстарын әрі дайындық кезеңін үйимдастырыдық. Вебинарлар барысында студенттер өздерін мазалаған сұраптарға жауап алды. Оған бір уақытта 1500-2000-ға жуық студент қатысты. Проктинг жүйесі қолданылуда. Бейнеконференция арқылы өткен емтихан және дипломдық жұмыстарды қорғау толық жазылады. Проктор емтихан қабылдаушы оқытушының мамандығына сәйкес болмайды. Цифрлық волонтерларды қосып, студенттерді бағалау жүйесінің әділдігін көттесіз етіміз. Мұны тек амалсыздаудың шарасы, мәжбүрлікten деп қа-

зап қоя салмай, керісінше өзімізді оқытуышын келешектегі көрінісіне, яғни қашықтан оқыту жүйесіне әзірлеу деп қарауызыз керек, - дейді жауапты басшы.

Роза Абишева студенттер қауымы үшін пандемия кезінде бірқатар женілдіктер қа застырылғанын да мәлімдеді. Оның айтуынша, аталған женілдіктер аяғы ауыр немесе босанған, денсаулығы, отбасының жағдайына байланысты қындыққа ғап болған студенттер өтініш беру арқылы жиынтық бағалауга қол жеткізе алады. Мактааралдағы су алып кеткен ауылдарда туратын студенттердің де жағдайы жекеріледі екен.

— Шетелдік студенттерге сессияны 30-маусымға дейін үзартып отырмыз. Педагогикалық іс-тәжірибесін жаңа оқу жылына ауыстырып, Бұл ғылыми кеңестің шешімімен бекітілген. Жазғы оқу семестрі қашықтан өтеді. Қорытынды аттестаттауға жіберілген студенттер диплом жұмысы мен презентацияларын алдын ала электронды турде ұсынады. Ал елдегі жағдай тұралғанда, оны қағаз күйінде тиісті мамандардың колы және мөрімен қайта жинақталады. Эрине, әлемді әүрөге салған COVID-19 инфекциясы сейілсін. Бастысы студенттер мен оқытушылар қауымының денсаулығын назарда ұстай отырып, заң аясында білім беру жұмыстарын арі қарай жалғастыра бермекпіз, - деді университеттің оқу және оқу-әдістемелік жөніндегі проректоры.

Тоқсан ауыз сәздің тобықтай түйіні. Төтенше жағдайдың басты талабы «үйден шықпа» болса да, ғаламтор қуалаған көпшілік тау-тас кезіп жүр. Онлайн оқуды осы деген үққан жүргіт қазірдің өзінде онлайн окудан шошып жүр. Алайда талай ел, талай ЖОО-ны бүгіндеге онлайн жүйеге өтіп, студенттерін жер-жерден жинал, онлайнның баршага онтайлы жүйе екенін іс жүзінде дәлелдей отыр. «Ғылымсыз елдің күні – түн» демекші, университеттегі студенттерінің білім-ғылымнан сусындағы деген ынталары жоғары екенін байкауға болады.



ЕМТИХАНГА


КҮНДІЗГІ БӨЛІМДІ

ОҚИТЫН 13614 СТ

ЖӘНЕ

300 МАГИСТР

КАТЫСАДЫ



Дүділова Гульбекіра



Гульзат Сейтмахан

Оразбек Алиханов

Ибрагим Тұтқышбай